

АЛҒЫ СӨЗ

Әрбір аудармашы, әсіресе философиялық мәтіндердің аудармашылары мәтінді тым сөзбе-сөз немесе шектен тыс әдебилендіріп аударған жағдайда, аударманың Сцилла мен Харибдасына (ежелгі грек мифологиясындағы теңіз құбыжықтары. – *Ред.*) кезігері хақ. Егер мәтін сөзбе-сөз аударылған болса, аударма мен оның философиялық мазмұны аударылған шығарманы оқитын адамдар үшін кей тұста түсініксіз жағдайға апарып соғады. Ал мәтін тым әдеби стильде аударылса, ол аудармашының мәтінді көбіне автордың түпкі ойына, негізгі мақсатына қарағанда өз түсінігінің, бәлкім, идиосинкретикалық мәнерде қабылдауының көрінісі болады деген қауіп бар. Жалпы, осы ойшылдың қисындары мен ойы төлтума араб тілінде екіұшты немесе ұғымға ауыр болса, ол сөзге түсіндірме бергеннен гөрі сол екіұштылықты сақтап қалуға тырыстық, ал мәтіндегі ой біршама айқын түрде кездесе, оны ағылшын тіліне әлдеқайда қолжетімді идеоматикалық тұрғыда жеткізуге ден қойдық.

Сондай-ақ бұл кейбір жеке сөздерге де қатысты. Мысалы, араб тіліндегі 'әқәлә, йә'қилу, 'әқл сөздері (мен латын тіліндегі *intellego, intellegere, intellexi, intellectum* аналогтары) – философия тілінде барынша ақыл-ой белсенділігін анықтауға қатысты етістіктер. Осы етістіктердің нақты мағынасының философиялық психология үшін айтарлықтай маңызды болуына, сонымен қатар осы белсенділікті әртүрлі ойшылдар әрқилы түсінуі мүмкін екеніне байланысты көбіне қосымша әдебиеттен табылған аудармаға жүгініп, орашалақ болса да, сөзбе-сөз «зерделеу» етістігін таңдап алдық. Дәл осы мәнерде кейде терминнің кейбір техникалық анықтамасына, тіпті ол қосымша әдебиетте немесе өзге аудармаларда үйреншікті болып сіңіп кеткеніне қарамастан, сөзбе-сөз аудармасын алғанды жөн көрдік. Мысалы, араб тіліндегі *фәәдә, йәфиду, фәйәдан* сөздері неоплатондықтардың техникалық сөздігінде «эманациялау» немесе «эманация» ретінде аударылған, ал біз оны сөзбе-сөз «ағу» немесе «төгіле ағу» мағынасында алдық. Керісінше, кей жағдайларда сөз немесе сөз орамының сөзбе-сөз аудармасы қосымша әдебиеттерде не басқа аудармаларда әлдеқайда кең таралғанына қарамастан, оны техникалық тұрғыда аударғанды дұрыс деп білдік. Мысалы, «рухани» сөзбе-сөз «рухани» дегенді білдіретін термин жиі «мәдди» («материалдық» немесе «материялық») сөзіне қарама-қарсы қойыла отырып айтылады, сонда осы екі терминнің бір-бірінен ерекшеленетіні айқынырақ аңғарылады. Осылайша осы екі терминнің қарама-қайшы табиғатын анықтау үшін біз кей жағдайларда «рухани» терминін «материалдық емес» немесе «бейматериялық» деп аудардық.

«Мә'нә» терминіне қатысты бірқатар мәселелер мен қиындықтар бар, мұны ортағасырлық философияны араб тілінде оқыған әрбір адам растай алады. Сөзбе-сөз бұл термин «мағына», «мән», «пікір» немесе «ниет» дегенді білдіреді; алайда оның философиялық жазбалардағы семантикалық ауқымы қатаң концептуалдық емес ұғымдардың барлық үйлесімді шоғырын (гаммасын) қамтиды. Оның семантикалық ауқымы «(экзистенционалдық тұрғыда тығыз емес) нәрсе» деген сияқты мағынаны қамтиды, сондықтан тіпті «ғайыптылықты (болмыстың жоқтығын)» да *мә'нә* деп қарастыруға болады, себебі сөйлемде «ғайыптылық (болмыстың жоқтығы) – түсінуге қиын нәрсе». Сондай-ақ *мә'нә* терминінің (экзистенционалдық тұрғыда) әлдеқайда нақты мағынасы болуы мүмкін және оны «түсіндірмелі ұғым (түсінік)» немесе тіпті «форма» ретінде аударуға болады; бұл тұрғыда *мә'нә* жай ғана ойдағы кейбір түсінікті білдірмейді, ол осы түсінікті көрсететін әлемдегі нысанның (объектінің) өзі болады. Бұл антологияға енген авторлардың әрбірі дерлік *мә'нә* терминін техникалық және техникалық емес тұрғыда ауыстырып қолданған. Сондай-ақ олардың бір мағынаны екіншісіне қарама-қайшы пайдаланылғанының әрдайым айқын болмауы қиындық тудырады. Бұл мәселе *мә'нә* терминінің араб философиясы прозасында кең таралғаны жайында сөз болғандықтан да, шын мәнінде, ол қолданылған әрбір жеке жағдайды ескеруге тура келуімен бөгет болып, қиындай түседі. Сонымен, біз *мә'нә* терминінің араб тіліндегі тек базалық мағынасында болған жағдайларды ғана көрсеттік және оны өзінің сөзбе-сөз аудармасының бірін, атап айтқанда, «мән», «мағына» немесе «түсінікті» қолдана отырып аударғанымыз жоқ.

Осы мәтіндер жинағының құрылымына тоқталатын болсақ, бұл жерде ұсынылған философтардың әрқайсысынан кең іріктеме келтіруге әрі философиялық зерттеудің негізгі салаларының көбін қамтуға тырыстық. Осы салаларға логика немесе пропедевтика, натурфилософия немесе физика, философиялық психология, яғни жан, метафизика, космология теориялары, сондай-ақ құндылық теориясы, яки этика мен политика (дегенмен антологиямызда осы соңғы сала бойынша мәтіндер диспропорциялық тұрғыда аз, мұның басты себебі осындай жұмыстардың өте жақсы дереккөзі – Лернер мен Махдидің «Ортағасырлық саяси философия» (*Medieval Political Philosophy*) еңбегінің әлдеқашан қолжетімді болуында) кіреді.¹ Алайда алға қойған мақсатты толықтай іске асыру әрдайым мүмкін бола бермейді. Дегенмен біз қамтыған мәтіндер оқырмандарды орта ғасырдағы ислам әлемінде жазған философтар еңбектерінде қарастырған тақырыптардың кең көлеміне қатысты түсінікпен қамтамасыз етеді деп сенеміз. Кей жағдайларда бір трактаттың ішінде философияның бірнеше салалары қамтылады, ондай сәтте оны жеке-жеке тиісті салаларға бөлуге әрекет жасағанымыз жоқ, жай ғана трактатты толық аударумен шектелдік. Философиядағы тиісті салалардың көбі жүйелі түрде ұсынылған әл-Фарабидің «Болмыс негіздері» (*Principles of Beings*), сондай-ақ «Қаланы басқару» (*Governance of Cities*) (арабша атауында басқару

¹ Редакторлары R.Lerner and M.Mahdi, eds., *Medieval Political Philosophy* (Ithaca, NY: Cornell University Press, 1972).

емес, саясат деп жазылған – Сипасату-л Мадина) деген атпен де белгілі) еңбегі бойынша да осылай жасалды. Сол сияқты Ибн Бәжжәнің «Ақыл мен адам байланысы» (*Conjunction of the Intellect with Man*) еңбегінде психология, метафизика мәселелері және адам кемелдігінің түпкі мақсаты жайында этика мәселесі талқыланады.

Автор мен оның еңбегінің бұрын жасалған немесе оңай қолжетімді аудармалары болған жағдайда, тұтас мәтінді қайта аудармай-ақ, оқырманды ертеректе жасалған аудармаға бағыттап отырып, осы еңбектің тек маңызды үзінділерінің ғана аудармасын ұсынамыз. Мысалы, Ибн Тұфайл мен Хай ибн Йақза еңбектерінің ағылшын тілінде екі аудармасы бар, сондықтан біз тек кейбір басты үзінділердің жаңа аудармасын ұсынумен ғана шектелдік. Ал автор бір тақырыпта бірнеше трактат жазып әрі сол трактаттардың бірі аударылып, оған оңай қолжетімді болған жағдайда әлі аударыла қоймаған аса танымал емес шығарманы аударғанды жөн көрдік. Мысалы, әл-Киндидің «Бірінші философия» (*On First Philosophy*) еңбегінің сақталып қалған бөлігінің ағылшын тіліндегі аудармасы қолжетімді; алайда «*Бірінші философия*» еңбегінде қарастырылған тақырыптардың көбі әл-Кинди үшін қымбат болғандықтан, қысқа трактаттарда оларға жиі қайта оралған, мұнда ол «*Бірінші философия*» еңбегінде келтірген дәлелдерді қайталайды немесе оларды әрі қарай өрбітеді. Осы жерде «*Бірінші философияны*» қайта аударудың орнына, осы шағын әрі көпшіліктің қолына түсе бермейтін немесе тіпті қазіргі уақытқа дейін аударылмаған трактаттарды аудару туралы шешім қабылдадық. Негізгі мақсатымыз – бір ғана антологияда біздің алдымызда жасалған еңбектердің елеулі бөлігін қайталамай, ортағасырлық ислам әлемінде жүргізілген философиялық һәм ғылыми жұмысты мүмкіндігінше кеңінен қамтып, таныстыру.

Сондай-ақ библиографияға философтың аудармасында бар философиялық мәтіндерді ғана қосқанымызды атап өткіміз келеді. Араб және ислам философиясы саласын зерттейтін ғалымдардың көзқарасы арасындағы елеулі айырмашылықтарды ескере отырып, «ең маңызды» қосымша әдебиеттің тізімін жасауға да пәлендей талпына қойғанымыз жоқ. Алайда жекелеген аудармаларға жасалған сілтемеде осы нақты мәтінді түсінуге көмектесе алатын қосымша – белгілі бір дереккөздерді ұсындық. Нақты бір тұлға немесе тақырып бойынша қосымша әдебиеттің әлдеқайда негізгі библиографиясына қызығушылық танытатындар болса, назарларын келесі дереккөздерге аударалады: (1) Ханс Дайбердің «*Ислам философиясының библиографиясы*»; (2) Терез-Анна Друарттың 1999 жылдан кейін қолжетімді болған әдебиеттерге арналған онлайн-библиографиясы; нақты Ибн Сина тұлғасына қызығушылық танытушылар үшін: (3) Жюль Л. Янссенстің «*Ибн Сина туралы аннотацияланған библиография*» (1970–1989) және «*Ибн Сина туралы аннотацияланған библиографияға бірінші қосымша*» (1990–1994).² Осы антологияның құрылымына қатысты соңында екі ескертуіміз бар. Бірінші – нөмірленген

² Hans Daiber, ed., *Bibliography of Islamic Philosophy*, 2 vols.; and Jules L. Janssens, *An Annotated Bibliography on Ibn Sina (1970–1989)*; and Jules L. Janssens, *An Annotated Bibliography on Ibn Sina: First Supplement (1990–1994)*.

ескертулерді, түсіндірмелерді, айқыш және тарихи сілтемелерді әсіресе тарихи дереккөздер ағылшын тілінде қолжетімді болған кезде тез жасау үшін бекіткен болатынбыз. Әрінен белгіленген сілтемелерде біз қолданған араб басылымдарына библиографиялық ақпарат пен оларға енгізе алған мәтіндік толықтырулар ұсынылды. Олар осы антологияның соңында жиналған, сондай-ақ ең алдымен араб тілін білетіндерге әртүрлі мәтіндік және филологиялық ойларға қызығушылық танытатын адамдарға арналған. Бұл ескертпелерден мәтіндік сынның ғылыми шарттылықтарын байқадық.

Қолжазбаларға жасалған сілтемелер, басқасы белгіленбеген жағдайда, аталған басылымда сикланы (кітапты іздеуді жеңілдетуге арналған кітаптың әріптермен немесе сандармен берілген атауы) қолдану арқылы көрсетіледі. Екінші – стандартты индекстің орнына ағылшын тілінен араб тіліне және араб тілінен ағылшын тіліне аударылған техникалық терминдердің салыстырмалы түрде жан-жақты, толық глоссарийін ұсынуды жөн көрдік. Осылайша берілген терминнің әр қолданылуын индекстеуге тырыспадық; алайда белгілі бір нақты философиялық тұжырымдар кездескенде, терминді кең ауқымды талқылау тақырыбы болған жағдайда бет нөмірлерін көрсеттік.

Осы хрестоматияның атауында «*Араб философиясы*» сөз орамын қолдануымызға қатысты қысқаша түсініктеме бере кеткеніміз орынды болар. Ортағасырлық Таяу Шығыс елдерінің зерттеулерінде *фәлсафа* терминін аудару қажет пе, әлде оны «*Ислам философиясы*» немесе «*Араб философиясы*», не тіпті орынды, бірақ қабылдауға қиын «*Исламдық философия*» ретінде интерпретациялаған дұрыс па деген мәселе бойынша талай сия түгесілген. «*Ислам философиясы*» сөз орамын ұнататындар – көбіне *фәлсафамен* айналысқан адамдар, олардың аз ғана мөлшерін есенке алмағанда – этникалық тұрғыда араб емесін, бірақ, шын мәнінде, ортағасырлық кезеңде ислам мемлекеттері билігі астында өмір сүрген әртүрлі этникалық топтар мен елдерден шыққандарын алға тартады. Осылайша осы бастаманы «*Исламдық философия*» деп атау әлдеқайда келісті болып көрінеді. Осыған жауап ретінде «*Араб философиясы*» сөз орамын жақтайтындар *фәлсафаның* едәуір бөлігін мұсылмандар емес, араб тілінде сөйлейтін еврейлер мен христиандар жасап шығарғанын және соған байланысты «мұсылман» немесе «ислам» деген сын есімдердің «философияны» анықтауға қолдану үшін жарамайтынын айтады.

Бұл – әлдеқайда түйінді мәселе, тіпті ол әрдайым осылай айқын көрсетілмесе де, осы бастаманың сипатын қамтитындай болып көрінеді: *фәлсафаның* өзіне тән діни, әсіресе исламдық элементі бар ма, әлде ол ислам елдерінде жазылғанына қарамастан, жай ғана қарапайым әрі түсінікті философия ма? Оның өзіне тән діни элементі бар деп ойлайтын адамдар Құдайдың бар екенінің дәлелдері және қарапайымдылық (*таухид*) мәңгілік немесе әлем құрылымының уақытшалығы, жанның ажалсыздығы, ағзаның (дененің) қайта тірілу мүмкіндігі, сондай-ақ пайғамбарлық пен аянның түсіндірмесі сияқты *фәлсафада* қарастырылған орталық мәселелердің көбінде діни сипаты көрсетуі мүмкін. Сонымен қатар бұл мәселелердің әрқайсысы Таяу Шығыс елдеріне мұраға қалған грек философиясы мен ғылыми дәстүрінің ажырама

бөлігі әрі түйіні болғаны байқалады. Оларды грек контексінде пұтқа табынушылар да, монотеист ойшылдар да діни тиістіліктен тәуелсіз түрде қарастырған еді. Осылайша осы тақырыптарды «исламдық» дегенді айтпағанда, «діни» деп атаудың өзі анахронизмге бой алдыруды білдіреді, атап айтқанда, бүгін қарастырған дін немесе дін философиясы тақырыбы жөніндегі мәселелердің өткен шақта жіктелген мәселелерге де қатысы бар.

Бір атауды екіншісінен артық көру мәселесінің қаншалықты түпкілікті екеніне қарамастан, оны мұнда шешуді көздемейміз, тек оны түсіндіруге тырысамыз. Біз «Араб философиясы» деген атауды қолдануымыздың жалғыз себебі осы антологияда қамтылған уақыт кезеңінде, яғни IX ғасырдың басынан XII ғасырдың аяғына дейін философияның Таяу Шығыста практикалық тұрғыда іске асуының негізгі құралы араб тілі болуында, сондай-ақ ол – осында аударылған барлық еңбектер жазылған ортақ тіл. Осы тұрғыдан қарағанда, интеллектуалдық құбылысты сипаттаған кезде «араб философиясы» атауын қолдану интеллектуалдық құбылыстарды сипаттағанда «грек философиясы» немесе «латын философиясы» тәрізді атауларды қолданудан өзге ештеңе де емес. Осы себепті философиялық трактаттардың едәуір бөлігін алғаш рет парсы тілінде жазған Сухрауарди – өз тұрпатымен араб философиясының классикалық кезеңі тиісті түрде аяқталғанының белгісі болуына байланысты бұл жинаққа енгізілген соңғы тұлға.³ Сонымен қатар Ишрақ философиясы (Хикмату-л Ишрақ) мектебінің негізін қалаушы Сухрауардиден неоаристотелизм мен оны алмастырады деп көзделген баламалы философиялық жүйе екеуіне қатысты алғашқы тұрақты сынды көреміз.

Ендігі қалғаны – бірқатар достарымыз бен әріптестерімізге осы антологияны жасауға қатысты баға жетпес көмегі үшін қарыздар екенімізді атап өту. Питер Адамсон мен Питер Порманға олардың әл-Киндидің «Түзілу мен бүлінудің болжалды себебі» (*The Proximate Efficient Cause for Generation and Corruption*) және «Қайғы-қасіретті сейілту» (*On Dispelling Sorrow*) еңбектері аудармаларының заманауи көшірмелерін бергені, сондай-ақ Питер Адамсон мен Ричард Тейлордың бүкіл қолжазбаны оқып, бірқатар пайдалы ұсыныстар жасағаны үшін алғысымызды білдіреміз. Олардың екі комментарийінің де пайдасы тиді. Александр Джонс бізге әл-Киндидің «Бүліну мен оның туындауының болжалды, тиімді себебі» (*The Proximate Efficient Cause for Generation and Corruption*) еңбегінде кездескен Птолемейдің астрономиясының шетін тұстарын жан-жақты ұғынуға көмектесті. Сонымен қатар Джоэль Л. Кремердің ас-Сижистанидің «Адамзат түрін дұрыс кемелдендіру туралы» қолжазбаларымен бөлісуге дайын болғанын жоғары бағалаймыз. Қасым Заман әл-Газалидің «Шынайы дәлелдеменің не нәрсеге негізделетіні туралы» (*Concerning That on Which True Demonstration Is Based*) еңбегінде келтірген заң саласындағы терминологияның көбін айқындап берді. Ричард С. Тейлор Ибн Рүшдтың «Рух туралы ұзақ түсініктеме» (*Long Commentary on De anima*) еңбегінен

³ See Hossein Ziai, «Shihab al-Din Suhrawardi: Founder of the Illuminationist School», S. H. Nasr and ch. 28, especially p. 436. Сонымен қатар шын мәнінде, Ибн Сина бірнеше философиялық аллегорияларды, сондай-ақ *Danishnama-yi alai* атты парсы философиялық энциклопедиясын парсы тілінде жазған; дегенмен оның философиялық еңбегінің басым бөлігі, яғни ауқымды мөлшері араб тілінде жазылған.

алынатын іріктемелерді ұсынды, ал Шейн Дуартенің аталған бөлімдердің аудармасын асқан ыждағаттылықпен мұқият қарап шығуы соңғы нәтижені әжептеуір жақсартты. Нора Хендрен мен Джош Эвиске осындай жұмыстарды ұйымдастыруда көрсеткен нақты көмегі үшін көп рақмет!

Hackett Publishing баспасындағы Рик Тодхантер мен Кэрри Вагнерді де үнемі көтермелеп, қолдап отырғандары үшін атап өткім келеді. Екеуіміз бірімізден кейін біріміз бір жыл мүше болған Принстондағы «Перспективті зерттеулер институтына» (*Institute for Advanced Study in Princeton*) да алғысымызды білдіреміз. Сонымен қатар Джон МакГиннис осы антологияға қатысты көптеген жұмыстарға қолдау көрсеткені үшін «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы ұлттық қорға» (*National Endowment for the Humanities*) алғыс айтады. Ақыр соңында, Димитри Гутас пен Эверетт Роусонға араб философиясына деген құштарлығымызды оятқаны үшін де шексіз ризашылығымызды білдіреміз!